

Сбербанк “Нұрлы Жер” мемлекеттік бағдарламасын іске асыру аясында бірегей шарттары бар ипотеканы іске қосты

2017 жылғы 3 шілде, Алматы – Сбербанк “Нұрлы Жер” мемлекеттік бағдарламасына қатысу аясында ипотекалық кредиттер бере бастағандығы туралы хабарлайды. Сбербанктің клиенттері бірегей шарттарға ие болады. Мемлекеттік субсидиялау мерзімі аяқталғаннан кейін заемшыға арналған кредит бойынша мөлшерлеме 10,5%-ды құрайды.

“Нұрлы Жер” бағдарламасының шарттарына сай, мемлекет сыйақы мөлшерлемесі жылдық 17%-дан аспайтын банктік ипотекалық заемдар бойынша пайыздар бөлігін “Қазақстандық Ипотекалық Компаниясы” ИҰ” АҚ қаржы агенті арқылы субсидиялайды. 7%-ға дейінгі сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау қарастырылады. Мемлекеттік субсидияның мерзімі 10 жылды құрайды.

“Нұрлы Жер” бағдарламасының арқасында ипотека қазақстандықтар үшін қолжетімді болмақ, - деп атап өтті «Сбербанк» АҚ ЕБ Басқармасы Төрағасының орынбасары Алексей Акимов. - Біздің банктің философиясында “Барлығы клиент үшін” деген қағидат бар. Сондықтан, субсидиялаудың мерзімі өткеннен кейін біздің клиенттер кредиттің ауыртпалығын сезінбейді. Біз “Нұрлы Жер” бағдарламасының және Сбербанктің бірегей ұсыныстарының аясында қазақстандық жанұялардың көбісі пәтер мәселелерін тиімді шеше алады деп санаймыз”.

“Нұрлы жер” бағдарламасының аясындағы Сбербанктегі ипотекалық кредиттеудің шарттары келесідей болып табылады:

- Мақсатты тағайындалуы – **алғашқы тұрғын үйді сатып алу;**
- Алғашқы жарна – **тұрғын үй құнының 30%-нан бастап;**
- Субсидиялаудың максималды мерзімі – **120 ай;**
- Сыйақы мөлшерлемесі 120 айға дейін - **жылдық 10%;**
- Субсидиялау мерзімі өткеннен кейін, заемшы үшін % мөлшерлеме **жылдық 10,5%-ды құрайтын болады;**
- Мерзімінен бұрын өтеу - **айыппұл санкцияларынсыз;**
- Кредитті беру толық қаржы талдауымен, сондай-ақ, жеңілдетілген қаржы талдауымен жүзеге асырылады.

Заемның максималды сомасы:

- Астана және Алматы қалаларының тұрғындары үшін – **20 миллион теңге;**
- Басқа қалалардың тұрғындары үшін – **15 миллион теңге.**

Сонымен қатар, Сбербанк арнайы өзінің клиенттері үшін Қазақстан бойынша 60-тан астам құрылысшылармен келісім жасасты, банктің серіктестік желісі еліміздегі ең үлкен желі болып табылады. Осындай серіктестік “Нұрлы Жер” бағдарламасы бойынша да заемшылар үшін ипотекалық жағдайларын жақсартуға мүмкіндік береді. Серіктес құрылысшылардың тізімімен www.sberbank.kz сайтында таныса аласыз.

«Нұрлы Жер» аясындағы Сбербанктегі ипотека туралы толығырақ +7 (727) 250-30-20 нөмірі бойынша call-орталыққа хабарласу арқылы, сонымен қатар, www.sberbank.kz сайтынан білуге болады.

####

«Нұрлы жер» тұрғын үй құрылысының бағдарламалары алғашқы тұрғын үйді сатып алуға екінші деңгейдегі банктермен азаматтарға берілетін ипотеканың пайыздық мөлшерлемелерінің бөлігін мемлекеттің субсидиялауы арқылы халықтың сұранысын ынталандыру және ипотекалық кредиттеу нарығын жандандыру мақсатында үкіметпен әзірленген.

«Сбербанк» АҚ ЕБ халықаралық Сбербанк тобына кіреді. Банк Қазақстанның қаржы нарығында 10 жыл табысты жұмыс істеп келеді және активтер көлемі бойынша Қазақстандағы ЕДБ арасында 4-орынды алады. Бүгінгі таңда «Сбербанк» АҚ ЕБ-нің 83 құрылымдық бөлімшеден тұратын филиалдық желісі бар, оның 16-сы - филиал. Банктің Орталық офісі Алматы қаласында орналасқан.

www.sberbank.kz

Қосымша ақпарат алу үшін Сіз әрдайым төмендегі қызметкерлерге хабарласа аласыз:

«Сбербанк» АҚ ЕБ
Евгений Круглик
+7 (727) 266 35 68 (ішкі 501237)
Ұялы тел.: +7 707 75 00 681
e-mail: yevgeniy.kruglik@sberbank.kz